



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ал оларды «бейбіт адам», «достық кісі» тәрізді құрамда айту ерсі. Оның себебі: әрбір сын есімнің білдіретін мағынасы белгілі бір заттың немесе құбылыстың заттық ерекшелігімен үйлесімді, сын есім сол затқа, құбылысқа тән сапалық қатынасты білдіреді. Мысалы, ағылшын тілінде diplomatic relations (дипломатиялық қатынастар), peaceful coexistence (бейбіт қатар өмір сүру) тәрізді тіркестерді diplomatic life, peaceful map сияқты құрамда айтуға болмайды, бірақ diplomatic agent (дипломатиялық агент), peaceful purposes (бейбіт мақсаттар) т.б. тіркестерде айтуға болады [5, б. 26].

Қорыта келе, қазақ және ағылшын тілдеріндегі дипломатия саласы терминдерінің қалыптасуы өте күрделі үдеріс екенін байқауға болады. Сөз тіркестерінің, оның үстіне, нақтылықты, дәлдікті қажет ететін дипломатия саласындағы сөздердің синтаксистік тәсіл арқылы жасалуы әрдайым тілтанушылардың назарында және үлкен еңбекті талап етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Балақаев.М.: Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі (синтаксис). – Алматы: Мектеп, 1971. – 339 б.
2. Виноградов В.В. Грамматика русского языка. Т. 2. Синтаксис. Часть I. – Москва, 1960. – 702 с.
3. Балақаев М. Структурные особенности словосочетания в тюркских языках. – Алматы, 1961. – 169 с.
4. Сарыбай К.Ш. Орысша-қазақша-ағылшынша дипломатиялық сөздік. – Астана, 2013. – 575 б.
5. Ақын Б.Қ., Сейтахметова Н.Л. Түрікше-ағылшынша-қазақша саяси терминдер сөздігі. – Алматы, 2011. – 94 б.

ӘОЖ 81'253

АНИМАЦИЯЛЫҚ ФИЛЬМДЕРДІ АУДАРУ ҮДЕРІСІ (АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ОРЫС ТІЛІНЕ АУДАРЫЛҒАН «МАДАГАСКАР» МУЛЬТФИЛЬМІ НЕГІЗІНДЕ)

Садуакасова Аида Бериковна

aida_9464@list.ru

6M020700 – «Аударма ісі» мамандығының 2-нші курс магистранты,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –Киманова Л.Б.

Мақалада анимациялық фильм аудару үдерісі мен аударма түрлері қарастырылған. Қазіргі кезде тек кинофильмдер емес, сонымен қатар мультфильмдер жылдам дамып, әйгілі өнер саласына айналды. Осыған орай, фильм аудармасы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр, себебі бұл – әлеуметтің талабы. Мақала құрылымы келесідей: кіріспеде «кино мәтіні», «кино тілі» ұғымдары қарастырылады, негізгі бөлімде «Мадагаскар» анимациялық фильмінің аудармасының анализі жасалады. Жұмыс баспа арқылы 6 бетке, 1 кестенің қолданылуы арқылы жасалды.

Қазіргі таңда халық арасында мультипликациялық фильмдерге деген қызуғышылық күннен күнге артуда. Оны тек балалар емес, сонымен қатар ересектер қауымы да құлшынып көретінін назарға алған жөн. Мультипликация киноиндустриясындағы ең қызықты әрі көрермендер саны көп жанрлардың бірі болып есептеледі. Алдымен «мультипликациялық фильм» ұғымын және оның құрылымын қарастырған жөн. Мультипликация – кино шығармашылығының жинақтамалы түрі, ол кәдімгі фильм секілді нешәтүрлі өнер саласын қамтиды. Мультипликациялық фильмді кейде анимация деп те атайды. Латын тілінен аударғанда «multiplicatio» - көбею, өсу немесе кеңею деп аударылады, бұл мультфильм жасау технологиясын толықтай сипаттайды. Себебі графикалық мультфильмді жасамас бұрын, яғни кадрлы түсірілім жасамас алдын, бір кейіпкердің көптеген қимылды суреттерін салу

керек. Демек, «мультипликация» көптеген суреттердің жиынтығын білдірсе, ал «анимация» латын тілінен «кейіпкерді тірілту» деп аударылады. Анимация да кадрлы әдіспен жасалады [1].

Анимациялық фильмдердің, көркем фильмдердегідей негізгі үш түрлі аударма жолдары ажыратылған: дубляж, субтитр арқылы аудару және кадрдан тыс аударма. Осы аталған үш аударма түрінің ішіндегі ең күрделісі және тиянақтылықты талап ететін жұмыс – дубляж жасау. Оның өзі өз кезегінде 3 түрге бөлінеді: әр кейіпкерді жеке дыбыстайтын актерлерден құралған көпдауысты аударма, ер мен әйел дауысын дыбыстайтын екі актердің ғана аудармасы және әйел мен ер дауыстарын бір ғана адам дыбыстайтын аударма. Сонымен қатар дубляж жасауда үш түрлі синхронизм бар: семантикалық, фонетикалық және драмалық. Аударма барысында осы аталған үш аспектінің барлығы аудармашының назарына алынуы тиіс.

Бәріміз білетіндей, аудармашының бірден-бір мақсаты – аударма эквиваленттілігі. Сонымен қоса, аударма трансформациялары түпнұсқа мәтіннің мән-мағынасын сақтай отыра, өзгерістер енгізуге мүмкіндік беретін да ең маңызды факторлардың бірі болып табылады. Аударма нормасына сәйкес келу үшін жасалатын қалған критерийлермен қоса эквиваленттілік те нормативті талаптардың бірі болып табылады. Әрине, аударма барысында түпнұсқа мәтіннің тұтастығы аса маңызды, сол себепті эквиваленттілік аудармашының ең жоғарғы талабы болып есептеледі. Ол толықтай лингвистикалық аспектермен анықталады, оның тәртібін сақтау ең жоғары тексеріс дұрыстығын талап етеді. Аударманың эквиваленттілігін жасау арқылы аудармашының жетістіктері мен нәтижелеріне көз жүгіртуге болады. Соның салдарынан, кәсіби біліктілігі жрғары аудармашылар аударманы тексеру кезінде бірінші орында соған назарын аударады және жоғары оқу орындарында аударматану мамандығының негізгі іргетасы болып табылады [2].

В.Н.Комиссаров эквиваленттіліктің 5 дәрежесін атап көрсеткен:

- сөз дәрежесіндегі эквиваленттілік;
- сөйлем дәрежесіндегі эквиваленттілік;
- хабарлама дәрежесіндегі эквиваленттілік;
- жағдаят дәрежесіндегі эквиваленттілік;
- коммуникация мақсаты дәрежесіндегі эквиваленттілік.

Түрлі тілдер қатынастарының арасындағы ең максималды шыңы және түпнұсқа мәтінінен бұрмаланбайтын эквивалент түрі – сөз дәрежесіндегі эквивалент [3].

Мультфильмдерді аудару барысында түрлі трансформация түрлерін қолдану үлкен рөл ойнайды, себебі мультфильм мәтіні экстралингвистикалық мағына мен лингвистикалық ерекшеліктерді сақтай отырып жоғары дәрежелі аударманың жасалғанын талап етеді.

Біз орыс тіліне аударылып, көптеген көрермендердің жүрегін баулаға «Мадагаскар» мультфильмінің негізінде қысқаша анализ жасап өтуімізге болады. Кез келген аударма секілді бұл мультфильм аудармасы локализацияға (оқшаулану) байланысты, яғни графикалық материалдарды әзірлеу, қақпа сөздерді (реплика) уақыт шегіне байланысты редакциялау секілді арнайы үдерістердің салыстырмалы талдауын жасап өткен жөн. Зерттеу барысында мультфильм түпнұсқасы мен аудармасын салғастыра отырып, қолданылған трансформацияларды анықтау мүмкіндігі пайда болады. Анализ аударма трансформацияларының үш түрі негізінде жасалды: лексикалық, грамматикалық және стилистикалық. Сонымен қатар зерттеуде калька, транскрипт, транслитерация әдістері қарастырылмаған, себебі аударманың бұл трансформациялары кез келген аудармадан кеңінен қолданылады.

«Мадагаскар» мультипликациялық фильм аудармасының трансформация мысалдары 1 кестеде берілген:

1 кесте

Мысалдар	Орыс тіліне жасалған аударма нұсқасы	Қолданылған аударма трансформациясы, ескертулер (қазақ тілінде ұсынылатын
----------	--------------------------------------	---

		аударма)
Poor little guy	Бедняга	Орын ауыстыру: ағылшын тіліндегі тұрақты тіркес орыс тулундегі тұрақты тіркеске алмастырылған (Байғұс немесе байғұс-ай)
Hello? Get me Missing Animals. And hurry.	Алло! Соедините с бюро находок. И быстрее.	Орын ауыстыру: сөзбе-сөз аударма мынандай болуы қажет – «Бюро пропавших животных» – бірақ бұл нұсқа дубляж жасауға тым ұзақ болы, сәйкессіздік тудырады және құлаққа оғаш естіледі (Алло! Тезірек іздеу бюросымен қосыңызшы!)
Good night, AllyAll!	Спокойной ночи, кошак!	Контекстік алмастыру: түпнұсқадағы сөз тек американдықтар арасында қолданылатын болғандықтан, деп оны орыс аудиториясына бейімдеп алмастырған (Қайырлы түн, бауырым [себебі қазақ қауымында күнделікті қолданылатын сөз, дәу мысық деген оғашы естілуі мүмкін])
Show them a cat. Who is the cat?	Покажи им себя. Ты же ас!	Модуляция: контекстік алмастыру. Аудармашы түпнұсқадағыдай «кошка» сөзін қолданса көзімізге әлсіз үй жануары елестейді, ал мультфильмде арыстан жайлы айтылып жатыр. Сол себепті «ас» сөзі әлдеқайда эмоционалды естіледі. (Өзінді көрсет! Патша емессің бе?! [себебі арыстан – жануарлар патшасы деп танылады])
They forgot to turn off the ambience again.	Они опять забыли выключить звук природы.	Контекстік алмастыру: «ambience» сөзі тым жалпылама, сондықтан оны мағынасына қарай басқа тіркеспен алмастырған. (Олар қайтадан табиғат дыбысын сөндіруді ұмытып кетті)
It's driving me crazy (1). Can you help me? (2) Please?	До смерти надоело. Может присмотришь? Пожалуйста!	Контекстік алмастыру: 1. Бір фразеологиялық тіркес басқасымен алмастырылған: Сводит с ума – надоедать до смерти. (Әбден шаршатты) 2. Нақтылау: түпнұсқада бұл кеңінен қолданылатын тіркес, ал орыс тілінде ол жағдайға байланысты түрлі нұсқаларға ие, мәселен жәй «помоги» дегеннен, «присмотри» әлдеқайда нақтырақ (Қарасып жіберші, өтініш)
It's another fabulous morning in the Big Apple.	Просыпайся! Поднимайся! В большом городе еще одно прекрасное утро!	Түбегейлі өзгерту: трансформацияның жасалу себебі: американдықтар Нью-Йорк қаласын «Apple City» деп те атайды, алайда оны бәрі біле бермейді. (Ұйқыңнан тұр! Мегаполистің тағы бір ғажайып таңы атты! [Ірі қала дегеннен мегаполис деген шынайы естіледі])
Yeah! You don't see that on Animal Planet!	Да! Такого по телевизору не показывают!	Түбегейлі өзгерту: «Animal Planet» деген шетелдік телеканал, оны көбісі біле бермегендіктен қарапайым аударма қолданған дұрысырақ. (Иә, мұндайды теледидардан көрмеппін!)
When the zebra's in zone, leave him alone.	Если зебра впала в транс, не сбивай его баланс!	Антонимдік аударма: ұйқасты сақтау үшін жасалған. (Ала құлан ұшыраса трансқа, Тиіспе, жақсарар жалғыз қалса!)

1 кесте көрсеткендей, аудармада лексикалық трансформация жиірек қолданылады. Мәселен, орын алмастыру, түбегейлі өзгерту, модуляция секілді әдістер кез келген аудармада қолданылады. Анимациялық фильмді аударуда тек аударманың жақсы шығуын емес, сонымен қатар ол дубляжға, яғни кейіпкердің сөйлеген уақытымен сай келуі керек екенін ұмытпау қажет.

Қорытындылай келе, шетелдік анимация туындылардың аудармасы жыл сайын өсіп жатыр. Тіпті кейбір көп бөлімді мультфильм кейіпкерлерінің арнайы таңдалған аудармашы-дыбыстаушылары бар. Біріншіден, аудармашы мультфильмнің жас шектеуін ескеруі қажет, екіншіден сол аудиторияға негізделе отыра аударманы бейімдеу керек. Сонымен қатар жоғарыда кинофильм мен мультфильм аудармасының түрлері қарасталырып өтті, «Мадагаскар» анимациялық фильмінің дискурсына қысқаша анализ жасалды. Зерттеу нәтижесі ретінде диалогтік аудармада грамматикалық трансформацияға қарағанда, лексикалық трансформацияның жиі қолданылатынын ескертіп өткен жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Вульпя Е.В. Анализ лексических трансформаций в переводе мультфильмов на примере мультфильма «Мадагаскар» // Молодой ученый. – 2015. – №10. – С. 1374-1377.
2. Сдобников В.В. Теория перевода: учебник для студентов лингвистических вузов и факультетов иностранных языков / В.В. Сдобников, О.В. Петрова. – М. : АСТ: Восток-Запад; Владимир: ВКТ, 2008. – 448 с.
3. Комиссаров В.Н. Общая теория перевода / В.Н. Комиссаров. – М. : ЧеРо, 2000. – 136 с.

ӘОЖ 81'255

СӘН САЛАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНДЕРДІҢ АУДАРЫЛУ ТӘСІЛДЕРІ

Садырханова Балауса Ерманқызы

balausa5596@gmail.com

5B020700 – «Аударма ісі» мамандығының 4-нші курс студенті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қиманова Л.Б.

Әр саланың күннен күнге қарқынды дамуы онда өзге тілдерден жаңа атаулардың енуіне, терминдік қорының кеңеюіне өз септігін тигізуде. Сондай ана тіліміздің сөз байлығының дамуына үлес қосқан салалардың бірі сән саласы болып табылады.

Адамдар ертеден бері әсемдікке ұмтылып, сұлулыққа өмір берген. Қолынан балы тамған суретшілер мен өнер сүйгіш жандар әдемі мен ұсқынсыз мағынасына анықтама беруге, сұлулықтың әмбебап формуласын табуға тырысқан. Сұлулық талаптары адамзат тарихында әрдайым өзгеріп отырды. Сол сұлулықтың өзгерген ережелері «сән» немесе «мода» деп аталып, белгілі бір мәдениетте немесе қоғамда үстемдік еткен тұрақсыз талғам мағынасына ие болды.

Қазіргі таңда сән саласы қоғамдық өмірдің ерекше, тіпті күрделі құбылысына айналды. Тіпті адам өмірін әсемдіксіз, сәнсіз елестету мүмкін емес секілді. Қоғамның реттеуші құралы ретінде сән белгілі бір әлеуметтік қызметтерді атқарады. Сән терминологиясы киім мен сәннің дамуымен қатар қалыптасып, кеңейіп отырды. Сән саласы жеңіл өнеркәсіппен тікелей байланысты болғандықтан, оның ішіндегі киім дизайны, тоқыма өнеркәсібі, былғары - аяқ киім өнеркәсібі, бас киім өндірісі атаулары сән терминологиясының дамуы мен кеңеюіне ықпал етеді.

Сән ұғымына оңай анықтама бере салу мүмкін емес. Себебі ол туралы әркім әр түрлі ой пішеді. Сән біреулерге өнер, өмірге деген жеке адамның көзқарасы болса, енді біреулерге сән өмір сүру салты, жұмысы. Тіпті діні де сән. Ал көпшілігіне сән – киіну мәнері. Дегенмен,